7. Густав Любон – «Цивилизация арабов», перевод Адиля Заитра, Халебская типография, Бейрут – Ливан, 1995.
8. Мухаммад Д. Сухейль Такуш «История Сельджуков Рима в Средней Азии», ИД «Дар Ан-Нафаис», Бейрут – Ливан, 2002.
9. Мухаммад Д. Сухейль Такуш «История аббасидского халифата», ИД «Дар Ан-Нафаис», Бейрут – Ливан, 1996.
10. Махмуд Д. Шакир «История Ислама», Бейрут – Ливан, 2000.

Шахрур (Амран), Сирия. Материал поступил в редакцию 21.06.10.

### *Түйіндеме*

*Берілген мақалада мынандай сұрақтар қарастырылған: олар Орта Азия халқы үшін Ислам өркеніеті мен Ислам халқының мәдениетінің дамуы және оны қалай сақтау мәселесі қарастырылған.*

### *Resume*

*The present paper raises such issues as the problems of saving and developing the Islamic cultural heritage and Islamic civilization for the Central Asia peoples.*

ӨОЖ (32:008 + 069) (574)

**Е.Б. САИРОВ**

## **МӘДЕНИ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МҰРАЖАЙЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасының халықтың мәдени мұрасын сақтау және пайдалану мәселесіне үлкен назар аударып отырғаны белгілі және осы тұрғыда әлеуметтік-мәдени құбылыс етінде музейлердің атқаратын қызметі зор. Музей туралы түсінік, оның міндеті мен қажеттіліктері, жалпы қоғамдағы алатын орнының үлкен мәні бар.

Музей - грек тілінде *museion* - муза храмы, яғни тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды және басқа да мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме [1-465]. Бүгінгі рухани-мәдени жаңғыру, ұлттық дәстүр-салтты жандандыру мәселелері өзектілену кезеңінде музейлер заттық және рухани құндылықтарды тануда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін

насихаттауда, сол арқылы тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Музей ғылыми-зерттеу және мәдени-танымдық мекеме болып табылады және музей ісінің негізгі міндеті - музейлік жәдігерлерді жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайтадан қалпына келтіру, консервациялау, зерттеу, осы жұмыстардың нәтижелерін ақпарат жүйелерінде таратып отыру.

Алғашқы музейлер Еуропада гуманистік мұраттарды басшылыққа алатын жаңа адамды қалыптастыруды мақсат тұтқан қайта өрлеу мәдениеті заманында пайда болды. Дүниені тануға құштарлықтан туған бір үрдіс коллекция жинау болатын, ол кейіннен музей деп аталатын арнайы мекемелердің пайда болуына негіз болды. XV ғасырдың аяғында Флоренцияда қазіргі мағынасындағы бірінші музей дүниеге келді. Ол осы қаланың билеушісі Лоренцо Медичи өзінің өнер туындыларынан тұратын коллекциясы үшін салған Уффици галереясы еді. Ал XVI ғ. ортасына қарай Еуропада 955-ке тарта музей типтес мекемелер болды. Музейлердің көптеп құрылуының бір себебі тарихқа деген қызығушылықтың өсуі екені даусыз.

XIX ғасырда музей әлеуметтік-мәдени институт ретінде толығымен қалыптасып бітті. Содан бері музейлер қоғам игілігі үшін қызмет жасайтын, өзінің экспозициялық көрсетілімдерін ешқандай шектеусіз қалың көпшілікке ұсынуға негізделген мекеме болып танылды. Құрылымдық ерекшелігіне қарай музейлер ғылым саласы бойынша жіктелген профиліне сай немесе әмбебап жинақтар сипатын иеленді. Уақыт өте келе пайда болған жоғары технологиялық құрал-жабдықтар бұл салаға да енгізілді. Мәдени байланыстардың ғаламдануына орай ИКОМ - халықаралық музей Кеңесі құрылды. Қазақстандық музейлер осы бір халықаралық музейлік қауымдастыққа 1957 жылы кірді.

Еуропа мәдениетінің жетістігі саналатын музей ісі біртіндеп дүние жүзінің басқа елдеріне де тарады, бұл жерде музей әлеуметтік және мәдени кірме - рецепция, яғни қандай да бір қоғамның басқа елде немесе басқа дәуірде пайда болған әлеуметтік және мәдени қалыптарды қабылдауы болып табылады, ол Еуропадан алыста орналасқан елдердің дамуы және өркениетаралық қарым-қатынастар нәтижесінде орын алды және түрлі ерекшелікке ие болды. Еуропалық дәстүрдегі музей ғылым, өнер мен білім храмы деп саналса, ал солтүстік - америкалық түсінікте ол үйрену, демалыс және сауық орны ретінде қарастырылады. Ал Шығыстық дүниетанымдағы музейге деген көзқарас бойынша толыққанды эстетикалық ләззат алу үшін бір уақытта таңдаулы ортада, санаулы шығармаға ғана көз салған жөн.

Қазақстанда музей ісінің басталуы Ресей империясының құрамына кіргеннен кейінгі дәуірде қазақ қоғамы тап болған өзгерістермен тығыз байланысты. Жалпы қазақ халқында ата-бабасынан қалған тұрмыстық заттарды көзінің қарашығындай сақтап, ұрпағына мұра етіп қалдыру ежелден бері бар үрдіс. Оларды киелі санау, табыну қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы ата-баба

рухына, табиғат құбылыстарына табынумен бірдей. Мұның өзі қазақтың ұлттық санасындағы мәдени негіздің терең екенін айғақтайды.

Қазақстан Республикасында музей ісінің қалыптасуы жоғарыда айтылған рецепция нәтижесінде пайда болған құбылыс. Кеңес билігі тұсында музей де басқа кез-келген қоғамдық институт сияқты ең алдымен партиялық идеологияны насихаттаушы қызметін атқарды. Музей қорындағы саяси қағидаларға, идеологиялық шаблондарға қайшы келетін материалдардың көзі жойылды. Осылайша ұлттық мәдениет орасан зор зардап шекті. Музейлердің тарихи, мәдени ескерткіштерді жинақтау, сақтау, насихаттау, ғылыми ағарту қызметін жүргізуге негізделген барлық жұмыс түрлері мүлдем басқа бағытқа түсті. Олар жай ғана экспонаттарды жинау әрекетімен шектеліп қалды. Кеңестік мәдениет басшылары патшалық билік тұсындағы шежүніктерден асып түсті. Егер де патшалық режимде музей қорларындағы қазақ мәдениетіне қатысты экспонаттар неғұрлым объективті, ғылыми сипатқа ие болған болса, кеңес атқамінерлері төңкеріске дейінгі ұлттық мәдениет жетістіктерінің барлығын мүлдем жоққа шығарды. Патшалық Ресей, одан кейін кеңес билігінің ұлттық ерекшеліктерді түбірімен жоюға бағытталған отарлық саясаты қазақ мәдениетін жойылуға, құрып кетуге таяу мәдениет есебінде тұжырымдап, қазақ халқының бойында әлі күнге дейін орнығып қалған өзін-өзі қор тұту, кемшіндік комплексін қалыптастырды [2-268].

Алғашқы қазақ музейлері сол кезде Ресейде, Батыс Еуропада кең таралған дайын үлгі негізінде алынған еді. Дегенмен мұның өзі отарлық бағыныштылық жағдайында этносты, оның мәдениеті мен тарихын сақтап қалудың жалғыз құралы екенін ұғына білген сол кездегі қазақ зиялылары ғылым, білім беру, ағарту саласындағы батыстық стандарттарды саналы түрде қабылдап, іске асыруына түрткі болды. Еуропалық музейлік дәстүрге еліктеу нәтижесінде туған бірінші қазақ музейі Жәңгір ханның «Қару-жарақ сарайы» деп есептеуге болады. Жәңгір хан 1827 жылы Петербургқа барған сапарында қаланы аралап, музейлерді көргеннен кейін өзінің жеке музейін ұйымдастыру туралы ойға келеді. Кейіннен ол отбасылық-әулеттік және тарихи құндылық болып саналатын сирек заттарды, қару-жарақ түрлерін жинақтап, музейдің негізін қалайды және ол үздіксіз толықтырылып отырады. Бұл музей жинағы әуел бастан қазақтың билеуші элитасының байлығын, атақ-даңқын және батырлық айбынын әйгілеуге бағышталды. «Қару-жарақ бөлмесінің» Қазақстандағы музей ісі тарихындағы ерекше орны бар, өйткені ол қазақ жерінде пайда болған бірінші, нағыз ұлттық музейлік жинақ болған еді [3].

Алғашқы музейлік коллекциялардың қалыптасуына халықтың дәстүрлі тұрмысы мен салт-жораларын зерттеумен, жинаумен айналысқан тұңғыш қазақ этнограф ғалымдары көп еңбек сіңірді. Олардың ішінде Әбубәкір Диваев, Бейбіт Дауылбаев, Сахибсұлтан Бабажановты атап айту қажет. Сондай-ақ аттары елеусіз қалған, бірақ ғажайып есте сақтау қабілетімен

ерекшеленетін, мындаған жолдан тұратын дастандарды таңды-таңға ұрып, жатқа айтатын қазақ ауыз әдебиетінің білгірлері, тарихи шежіреші қариялар дәстүрлі мәдениеттің баға жетпес асылдарын музейсіз-ақ жадында сақтап, ұрпақтарына табыстауы керемет құбылыс деуге болады.

Қазақстандық музей ісіндегі жағымды өзгерістер музейге деген қызығушылықтың өскенін бейнелейтін бүкіләлемдік үрдіске сай және ешқашан саркылмайтын мәдени әлеуеттің күш-қуатын ұғыну нәтижесінде дүниеге келген Ә. Қастеев атындағы Бейнелеу өнері музейі және Орталық Мемлекеттік музей құрылысының басталуымен тығыз байланысты. Сол 1970-1980-жылдары арнайы бағыттағы музейлер де пайда бола бастады, оның ішінде Отырар қалашығының қирандылары жанынан ұйымдастырылған Отырар музейі де бар.

1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздік алу Қазақстандағы музей ісіне де үлкен импульс берді, осы сәттен бастап қазақстандық музейлердің дербес дамуына жол ашылды. Музей ісінің ең үздік дәстүрлері жаңғырып, ғылыми-зерттеушілік ізденістер өзектілене түсті, ұлттық сипат басымдық алды, жаңа типтегі музейлер пайда болды. Сонымен бірге халықаралық кәсіптік байланыстар кеңейіп, халықаралық музейлік қауымдастықпен дербес ұйым ретінде тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туды. Қазақстан мәдениетін дүниежүзілік дәрежеде насихаттау мақсатында еліміз музейлердің белсенді араласуымен бірқатар мәдени имидждік шараларды іске асырды. Мысалы, «Алтын адам» (Италия, Мантуя, Рим, 1998), «Қазақстан космосы» (Ренн, Париж, 2001), Қазақстанның Франциядағы Мәдениеті күндері (Париж, 2002), ЭКСПО-2005 (Аичи, Жапония), ЮНЕСКО-ның штаб пәтерінде өткен «Мәдени саналуандық және Орталық Азиядағы сұхбат» (Париж, Франция, 2005), «Шөп пен Алтыннан жасалған Қазақстан көшпелілері» (АҚШ, 2006) және басқалары.

Бүгінгі таңда музей қоғамда белгілі бір қызмет атқаратын өзіндік бір әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Музейдің әлеуметтік функцияларын қоғам сұранысы қалыптастырады. Олар: құжаттау немесе сақтау, мәдени-танымдық немесе ғылыми-зерттеу. Қандай функция негізге алынса, соған байланысты осы функцияны неғұрлым тиімді жүзеге асыруға лайық музей мекемесінің құрылымы қабылданады.

Музей ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде табиғат объектілерін, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін жинақтайды. Музей заттары көптеген ғылым салалары үшін үлкен мәнге ие және зерттеу мекемелеріне қажетті дереккөз базасы болып табылады. Ал мәдени-ағарту мекемесі ретінде музей орасан зор тәрбиелік әлеуетке ие. Оның басты мақсаты - мәдени қызмет аясында халықты шоғырландыру және рухани мұраны сақтап, байыту үшін көпшіліктің қызығушылығын туғызу.

Бұл кең тараған көзқарас, мысалы, шетелдік музейтанушы М. Адамс «музейдің негізгі міндеті - музей коллекцияларының көмегімен ғалымдар

жинақтаған білімдерді тарату» деп есептейді. Аталған музей тұжырымдамасы ХХ ғасырдың 20- жылдары жақсы дамыды, сол кезде музей ағартудың күшті құралы, оқыту мен тәрбиелеу тәсіліне айналды.

Қазіргі уақытта музейдің рекреациялық мекеме санатындағы тұжырымдамасы кең танымал, оның басым қызметі бос уақытты тиімді пайдалануға негізделеді. Қалай дегенмен де, музей - бұл қоғам үшін ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылық есебінде табиғи және мәдени объектілерді ексеу, сақтау және таныстыруға арналған мекеме болып қала береді. Осы бағыттағы ізденістердің барлығы музейді тарихи қалыптасқан және қоғамдық санада бекіген құрылым ретінде жетілдіру жолдарын айқындау мақсатын көздейді.

Халықаралық музейлер Кеңесінің берген анықтамасы бойынша музей қоғамға және оның дамуына қызмет ететін тұрақты коммерциялық мекеме, ол танымдық, ағартушылық және қызықтыру мақсаттарымен адамның және қоршаған ортаның материалды деректерін табады, сақтайды, зерттейді, насихаттайды.

Қазақстан музейлерінің келешегі және дамуы үшін олар әлемнің ең үздік музейлерінің тәжірибесін зерттей отырып, пайдалануы тиіс. Музей - күрделі жүйе, оның негізгі байлығы – ол оның коллекциясы.

Қазіргі заман талабына сай музей ісінде де жаңа қажеттіліктер туындап отыр. Олардың ішінде, мысалы, еліміздегі бүкіл музей жинақтарын каталогтау мәселесі шешімін күтуде. Компьютерлендірудің көмегімен музей коллекцияларын каталогтау біртұтас Мемлекеттік Музей қорының каталогын құруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік Каталог Қазақстанның Музей қорына енгізілген музей заттары мен музейлік коллекцияларына қатысты мәліметтерді үйлестіретін есеп құжаты болып табылады.

Музей қорын есепке алудың мұндай жүйесі музей қорларының дұрыс сақталуын қамтамасыз ететін және оны заңдық қорғаудың ең тиімді тәсілі. Мемлекеттік каталог біртұтас ақпараттық жүйе ретінде Қазақстан музейлерінде сақталған бүкіл мәдени құндылықтар туралы мәлімет алуға мүмкіндік бере алады. Сонымен қатар, Мемлекеттік каталогты енгізу материалдық, қаржылық және адам ресурстарын, сондай-ақ көп уақыт мерзімін талап ететіні белгілі.

Музей ісіндегі шешімін күткен тағы бір шара мәдени мұра объектілерін құжаттау болып табылады. Мәдени мұра объектілерін құжаттау музей қызметкерлерінің, ұйымдастырушы-сақтаушылардың мәдени құндылықтар туралы білімдерді қазіргі заманғы қоғамда насихаттау және тарату сияқты маңызды міндетін шешуге көмектеседі және оларды заңдық тұрғыдан қорғаудағы тиімді қару болып табылады.

Қазақстанда бүгінгі күні музей коллекцияларының баспа каталогын құру «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізіліп отыр. Осы бағдарлама шеңберінде дәстүрлі қазақ мәдениетінің ескерткіштерін



камтитын бірқатар музейлердің каталогтары жарыққа шықты. Бұл тұрғыда елдің музейлік қорын толық көрсете алатын сапалы құжат жасау үшін арнайы қабылданған стандарттарды пайдалану қажет.

Музейлер ғылыми-зерттеу мекемесі болғандықтан, өзінің ғылыми, экспозициялық және мәдени-танымдық қызметін жүзеге асыру бағытында дербес ғылыми зерттеулер жүргізуі тиіс. Музейдің профиліне сай ғылыми ізденіс жұмыстары атқарылады. Бұл зерттеулер музей заттарын жинау, сақтау, өңдеу және пайдаланудың теориясы мен әдістері саласында жана білімдерді қалыптастыруға арналады. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері экспозициялар мен көрмелерден көрініс табады. Коллекциялар каталогының басылымы, экспозициялар мен көрмелердің көрсеткіштері және басқа да басылымдар да музейдің осы қызметінің нәтижесі. Ғылыми-зерттеу жұмысының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі - тұрақты түрде ұйымдастырылатын ғылыми конференциялар. Беделді ғылыми орталыққа айналған кейбір музейлер ғылыми мекемелермен тығыз бірлесе жұмыс істейді.

Бүгінгі музей қалың көпшілік қауымға түсінікті, қолжетімді және танымдық орталыққа айналуы тиіс. Ол үшін бірқатар мәселелерді жүзеге асырып, оң шешімін табу, музей ісін жаң-жақты жетілдіру қажет. Оның ішінде, мысалы, экскурсиялық жұмыстың әдістемесіне ерекше назар аудару, музейге келушілердің көңілінен шығатын шаралар ұйымдастыруға болады. Келушілердің әртүрлі топтары үшін әлеуметтік қарым-қатынас, кездесу, пікір алысу, бос уақытын өткізу орнына айналу - бүгінгі музейлердің тартымдылығын арттыра түседі. Қазіргі жағдайда табысты және тиімді жұмыс істеу тұжырымдамасы мыналарды қамтиды: келу (экспозициялар), қарау (экспонаттар), естелік (дүкендер) және релаксация (демалыс аймағы, кафе, ресторан).

Музей үдерісіне келушілерді тарту мәселесін музей өзінің сұраққа жауап беретін, құбылыстарды түсіндіре алатын, дүниетанымын кеңейтетін қызметімен шешуіне болады. Өйткені келушілерді музейдің ең алдымен білім мен кәсіби бағдар беретін орын, эстетикалық ләззат, кеңес беру, тақырыптық семинарлар, адамдардың нақты бір тобымен қарым-қатынас жасау, адамның шығармашылық әлеуетін тануы және оны жүзеге асыруына көмектесетін қызметі қызықтырады.

Қазіргі уақытта мәдени-тарихи өткенге жаңа көзқарас қалыптасып, соның нәтижесінде құндылықтарды қайта ұғыну, жаңғырту, пайдалану өзектіленген тұста музейдің мәдени-танымдық қызметі де ерекше сипат алып отыр. Музейлердің мәдени-танымдық қызметінің түрлері сан алуан. 19 ғасырда қалыптасқан дәстүрлі қызмет түріне экскурсиялар мен лекциялар жатады. Ал 1980 жылдары экскурсияның театрландырылған түрі, әңгіме-саяхаттар, сабақ-экскурсиялар таралды. Музей жұмысының клубтық түрі лекторийлерді, әдеби, сазды қонақжайларды, кештерді, музей мейрамдарын, үйірмелер мен клубтарды қамтиды. Бұл жұмыс түрлерін біріктіретін басты шарт - сол музей

коллекциясымен тікелей байланыста ұйымдастырылуы тиіс. Ал қазіргі жағдайда музейлердің қарым-қатынас орталығына айналуы постиндустриалдық қоғамда билік құрып отырған жаңа ақпараттық технологияларға байланысты бұрынғыдан да артып отыр. Интернеттің виртуалды кеңістігінде араласу тапшылығынан зардап шеккен адамдар нақты өмірдегі музейде қызығушылықтары бойынша бірігіп, қарым-қатынас жасауға ұмтылуы тегін емес.

XXI ғасыр тоғысында заман талабы басқа да мәдениет саласы сияқты музей қызметін жаңаша ұйымдастыруды қажет етіп отыр. Осы тұрғыда бүгінгі музей ісінің көкейкесті мәселелері мынадай:

- Музей қорын сақтау, бұл музей коллекцияларының барған сайын толығына және соған орай мекеменің пайдалы алаңының сол қалпында қалуынан туындап отыр;

- Көптеген музейлерде қор сақтаушылар жетіспейді, музейлердің штаттық құрылымын қайта қарау қажет;

- Музей заттарын реставрациялау және консервациялау мәселесі өткір қойылып отыр, өйткені музей коллекциялары ұзаққа сақталатын болғандықтан қажетті сақтау нормалары мен арнайы қамқорлықсыз біртіндеп жойылып кетуі мүмкін;

- Бүкіл еліміздегі музейлер қорын есепке алу;

- Қор коллекцияларын құжаттау, қазіргі заманғы музей ісінің дамуы компьютерлік технологиялар көмегімен тұтас ақпараттық жүйе құруды талап етеді, сол арқылы біртұтас Мемлекеттік каталог құруға қол жеткізу;

- Музей қорларын қайта қалыптастыру, яғни кеңестік билік тұсында шектен тыс идеологияландыруға ұшыраған музей қорларын анықтау, ерекше тарихи және көркем құндылығы жоқ заттарды музей қорынан алу, бұл музейдің беделі мен мәртебесіне де зиянын тигізетін құбылыс;

- Музей қорына қабылданатын объектілерді екшеуде арнайы критерийлерді қалыптастыру;

- Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі, мамандар жетіспеушілігі;

- Музейлердегі мәдени мұраны кең түрде және терең насихаттау;

- Музейлерді қаржыландыру, бүгінгі таңда музейлер толығымен мемлекет қолдауына тәуелді, сондықтан да музей ісі дағдарысқа, тоқырауға тап болмауы үшін меценаттықты, жеке тұлғалар тарапынан қолдауды ұйымдастыру қажет;

- Қазақстандық музей ісінің ең көкейкесті проблемасы - музей заттарын реставрациялау, оны жүзеге асыратын кәсіби реставраторлар, реставрациялық орталық елімізде жоқ;

- Экомузейлер, яғни мәдени және табиғи қоршаған ортаға арналған және адамның іс-әрекетін қамтитын музейлер ұйымдастыру, олар мысалы, дәстүрлі қолөнер шеберлігі мен тәжірибесін замандастарына, ұрпақтарына жеткізуге қызмет етеді және ол мәдениетке деген жаңа көзқарастың қалыптасуына

алып келеді; ерте заманнан келе жатқан және әрі халыққа кең тараған сәндік және қосалқы өнердің бірі әрі бірегейі - қазақтың дәстүрлі зергерлік және ұсталық өнері. Асыл тастарды пайдаланып, сән-салтанатты әшекейлер мен қару-жарак, сауыт-сайман, ер-тұрман жасау, оны зерлеу өнерінің бұйымдары ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, өшпей бүгінге жетті [4]. Қазақ зергерлік өнер туындылары ХХІ ғасырда да құндылығы арта түсуде. Ендігі міндет осы ұсталық пен зергерлік өнерін жасалу үдерісінде, арнайы орында музей қызметін пайдалана отырып көрсету, дамыту және насихаттау. Өздері сері, жаны сұлу, он саусағынан өнері тамған ата-бабалар ісін жарқыратып көрсетуде экомузейлер үлгісін пайдалануға әбден болады.

- Музейлердің өз коллекциясын жете зерттеуіне мән беру.

Музей қызметін жетілдіру және түйткілді мәселелерді дер кезінде шешу арқылы жинақталған тәжірибе мен оны теориялық негіздеу, әлемдік музей ісіндегі озық жетістіктерді отандық музейлерде кеңінен қолдану, халықаралық музейтанушылармен ынтымақтаса жұмыс істеу бүгінгі қазақстандық музей ісін алға бастыруға мүмкіндік береді. Және ұлттық мәдениеттің бір саласы ретінде музей қызметі жаһандану үдерісі туғызған мәдени әркелкілікті жоюға, бұқаралық мәдениеттің басымдық алуына қарсы тұрудың бір шарасы болып табылады. Бүкіл әлемде музейге, жалпы мәдени және табиғи байлыққа деген қызығушылықтың артып отырғанын ескерсек, мәдени мұрамызды дұрыс сақтау және насихаттау арқылы ұлттық ерекшелігіміз бен өз орнымызды да сақтап қаламыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ мәдениеті. – Алматы: «Аруна», 2005.
2. Құлкенов М., Отарбаев Р. Жәңгір хан. – Алматы: «Өлке», 1992.
3. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. – Алматы: «Раритет», 2001.
4. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Рауан», 1994.

Мәдени саясат және өнертану институты. Редакцияға мәлеметтік түсті 07.05.10.

### *Резюме*

*В статье рассматриваются основные вопросы и проблемы музейного дела, его развитие и улучшение материального состояния музеев, внедрение новых форм работы. Автор уделяет большое внимание анализу сегодняшнего состояния музеев страны и предлагает максимально использовать их научный потенциал, чтобы казахстанские музеи стали не только сокровищницей искусства, но и крупнейшим центром и очагом развития искусствоведческой науки,*

предметом национальной гордости и всенародным достоянием. Для этого требуется как всесторонняя государственная поддержка, так и забота и опека со стороны частных лиц, т.е. меценатов.

#### **Resume**

*In article it is considered the basic questions and problems of museum business, its development and improvement of a material condition of museums, introduction of new forms of work. The author gives a great attention to the analysis of a today's condition of museums of the country and suggests to use as much as possible their scientific potential that the Kazakhstan museums became not only an art treasury, but also the largest centre and the centre of development of an art criticism science, a subject of national pride and national property. For this purpose it is required both all-round state support, and care and guardianship from outside private persons, i.e. patrons of art.*

УДК 323.28

### **В.П. СТОЛЯРОВ К ВОПРОСУ О МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫХ АСПЕКТАХ БОРЬБЫ С ТЕРРОРИЗМОМ**

События в Москве 30 марта 2010 года - террористические акты на станциях метро «Лубянка» и «Парк отдыха» - ещё раз напомнили всему миру, что борьба с терроризмом - дело всех и каждого, не обходящее стороной ни одну страну, ни одного гражданина. основополагающим в международном праве является постулат, который основывается на утверждении, что нет абсолютно никаких причин, которые могли оправдать эти и подобные им акты вандализма.

Глобальные масштабы терроризма в XX столетии вывели проблему борьбы с ним далеко за рамки национальных государств. Количественный рост числа террористических организаций, их активизация в различных регионах планеты потребовали принятия совместных усилий практически всех государств мира, которые в той или иной степени оказались перед лицом надвигающейся или уже осуществлённой угрозы.

Такая ситуация в определённой степени повлияла на характер развития отдельных международно-правовых отношений, международного права в целом, а также повлекла изменения некоторых статей законодательства ряда стран. От общих фраз и общей декларативной ответственности за терроризм, закреплённых в законодательстве практически всех развитых стран, потребовалась детальная прописка реальных механизмов исполнения этих базовых положений, их

конкретизация и персонификация ответственности на всех уровнях.

С этой точки зрения небезынтересным представляется анализ действий ряда стран по более детальному закреплению на законодательном уровне определенного понимания такого понятия и явления, как «терроризм», а также формы выражения официальной позиции по данному вопросу [1].

Юридические основы борьбы с терроризмом на уровне законов закреплены как в национальном, так и в международном статусе. Знаковые теракты 11 сентября 2001 года в США показали многим странам, что их законодательства или вовсе не содержат специальных законов о борьбе с терроризмом, или эти законы не отвечают современным требованиям.

Из стран Евросоюза законодательство, содержащее чёткую систему санкций за терроризм и аналогичную деятельность, имеют лишь несколько стран. По мнению специалистов, наилучшее законодательство по борьбе с терроризмом, которое было принято в 2000 году, имеет Великобритания.

Кроме законодательства Великобритании, система в законодательных подходах к борьбе с терроризмом наблюдается в юриспруденции США, отличительным признаком которой является многосторонность подхода к этому явлению.

Свообразным оперативным ответом на события 11 сентября 2001 года является новый закон США о борьбе с терроризмом под характерным названием «Акт 2001 года, сплачивающий и укрепляющий Америку путем обеспечения соответствующих средств, необходимых для пресечения терроризма и воспрепятствования ему», подписанный президентом США Дж. Бушем 26 октября 2001 года [2]. Само название документа представлено как комплекс мер, предпринимаемый всем обществом для борьбы с общим врагом, сплачивающий нацию перед лицом общей угрозы, отвечающий интересам каждого гражданина Америки.

Терроризм как общественное явление, в той или иной степени масштабности, знаком человечеству давно и столь же давно оно пыталось выработать меры по противодействию ему. В течение XX века мировое сообщество неоднократно предпринимало попытки международного законодательного обеспечения, обоснования, а также юридической квалификации борьбы с терроризмом.

Разработка вопроса на уровне стран и континентов в начале XX века затруднялась отсутствием весомого и признаваемого всеми международного органа, каковым стала образованная в 1919 году Лига Наций. Еще перед второй мировой войной под эгидой Лиги Наций были разработаны Конвенция о предотвращении терроризма и наказании за террористические действия и Конвенция о создании Международного суда.

В Конвенции о предотвращении терроризма и наказании за террористические действия впервые даётся аргументированное указание на необходимость сочетания

в борьбе с терроризмом международно-правовых норм и национального законодательства. Однако эти документы имели определённые этические изъяны, поскольку главное внимание в них было обращено на защиту жизни глав государств и политических деятелей, защита же от терроризма остального населения авторов - разработчиков мало интересовала [3].

Только с образованием в 1945 году ООН вопросы безопасности населения, граждан стран, получают должное освещение в разрабатываемых международных документах. В 1971 г. была заключена первая региональная Конвенция 13-ти государств Америки (Конвенция ОАГ) о предупреждении террористических актов и наказании за них. В настоящее время имеется развитая, многосторонняя система сотрудничества государств мира по борьбе с терроризмом под эгидой ООН.

Действуют одиннадцать Конвенций и Протоколов о защите от терроризма на земле, в воздухе и на море, подписанных и ратифицированных значительным количеством стран. В их числе Токийская (1963 г.), Гагская (1970 г.) и Монреальская (1971 г.) Конвенции, содержание которых направлено на борьбу с террористическими актами и обеспечение безопасности в сфере гражданской авиации.

По духу и содержанию к данным Конвенциям также примыкает Протокол о борьбе с незаконными актами насилия в международных аэропортах, принятый в 1988 году. В 1991 году, в целях обнаружения и предупреждения террористических актов, совершаемых с использованием общепасных средств, были приняты Конвенция о защите ядерного материала и Конвенция о маркировке пластических взрывчатых веществ.

В масштабах Европы также были предприняты значительные шаги: в январе 1977 года на европейском уровне была подписана и 4 августа 1978 года вступила в силу региональная Конвенция по борьбе с терроризмом. В ней прямо поставлен вопрос деполитизации понятия терроризма и, соответственно, вопрос об экстрадиции террористов [4].

Естественно, что осуществление террористической деятельности требует значительного финансирования, а учитывая международный характер явления - соответственного международного уровня. Важным шагом в борьбе с терроризмом в рамках международных правовых отношений стало открытие для подписания в январе 2000 г. в штаб-квартире ООН Международной конвенции о борьбе с финансированием терроризма. В первый же день к этому документу присоединились семь государств: Финляндия, Франция, Нидерланды, Шри-Ланка, Мальта, США и Великобритания. Затем их примеру последовала Италия.

Этот международный документ, призывающий всех членов мирового сообщества принять меры по предотвращению финансирования террористической деятельности, был одобрен Генеральной Ассамблеей ООН

9 декабря 1999 г.

Авторы считают, что этот документ призван объединить усилия государств-участников Конвенции для того, чтобы «воспрепятствовать и противодействовать движению средств, в отношении которых есть подозрения, что они предназначаются для террористических целей», и «активизировать обмен информацией о международном движении таких средств».

Эксперты считают, что эта Конвенция достаточно «жесткая», т. к. она рассматривает в качестве преступления не только совершенное действие, но и саму попытку его совершить. Более того, преступниками, согласно положениям данного документа, являются как непосредственные исполнители и соучастники, так и организаторы и руководители незаконного деяния.

Разработчики считают, что логичным будет также принятие правил, налагающих на финансовые учреждения обязательства оперативно сообщать компетентным властям «обо всех сложных, необычайно крупных операциях и о динамике операций, не имеющих явно экономической или очевидно законной причины».

Международная законодательная деятельность особенно активизировалась после терактов 11 сентября 2001 года. Сразу же после терактов, уже 12 сентября Советом Безопасности ООН была принята Резолюция № 1368, в которой, в частности, говорится: «Совет Безопасности, подтверждая цели и принципы Устава Организации Объединённых Наций, будучи преисполнен решимости всеми средствами бороться с угрозами для международного мира и безопасности, вызываемыми террористическими актами, признаёт неотъемлемое право на индивидуальную или коллективную самооборону в соответствии с Уставом».

Определённая целенаправленная работа в рамках реализации данной Программы в своих основных пунктах выполняется странами СНГ (в отличие от ряда иных соглашений СНГ). Так, например, были созданы Антитеррористический центр стран СНГ и его филиал в городе Бишкеке, который достаточно успешно координирует усилия стран-учредителей в сфере борьбы с терроризмом.

Республика Казахстан не остается в стороне от мировых процессов законодательства в области борьбы с терроризмом. За последние годы было принято ряд законодательных актов разных уровней, в той или иной мере касающихся противодействия и борьбы с терроризмом и экстремизмом. К ним относятся: Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности РК» от 26 июня 1998 г., а также Указ Президента Республики Казахстан от 10 февраля 2000 г. «О мерах по предупреждению и пресечению проявлений терроризма и экстремизма».

Например, в статье 5 Закона РК «О национальной безопасности РК» среди угроз национальной безопасности Республики Казахстан называются:

«разведывательная, террористическая, диверсионная и иная направленная на нанесение ущерба национальной безопасности Казахстана деятельность специальных служб и организаций иностранных государств, а также отдельных лиц; политический экстремизм в любой его форме, в том числе разжигание социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой вражды или розни».

В соответствии с этим, согласно статье 19, «усиление борьбы с преступностью, в том числе с ее организованными формами, коррупцией и терроризмом» должно стать одним из направлений обеспечения общественной безопасности решениями и действиями государственных органов, организаций, независимо от форм собственности, должностных лиц и граждан» [5].

В число законодательных актов, в той или иной мере касающихся противодействия и борьбы с терроризмом и экстремизмом, входит также изданный 16 мая 2000 года Указ Президента Республики Казахстан «О стратегии борьбы с наркоманией и наркобизнесом». В Указе затрагивались стратегические вопросы политики государства по борьбе с наркоманией и наркобизнесом, разграниченные на три взаимосвязанных этапа: 1-й этап, охватывающий 2001 год; 2-й этап — 2002—2003 годы; 3-й этап — 2004—2005 годы.

«При этом целью 1-го этапа является создание основных звеньев системы эффективного государственного и общественного противодействия дальнейшему распространению наркомании и наркобизнеса в Республике Казахстан. На 2-м этапе предполагается укрепить созданные звенья, к концу 3-го — сформировать полномасштабную систему такого противодействия» [6].

Понимая, что предпринятых мер в рамках международного сотрудничества недостаточно, Казахстан выступил инициатором заключения ряда других международных соглашений в области борьбы с распространением различных форм экстремизма и терроризма.

Таким образом, анализируя правовые аспекты борьбы с международным терроризмом и экстремизмом, мы можем констатировать, что принятые в различных странах законодательные меры по противодействию этому социальному злу требуют постоянного усовершенствования и взаимной координации, как на уровне отдельных регионов, так и на уровне мировых договорённостей.

Сегодня мы уже можем с достаточными основаниями констатировать, что принимаемые на международном уровне правовые акты существенным образом влияют на характер эволюции всей системы международных отношений в сторону её большей унификации и эффективности.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Атанесян А. Терроризм: корни, риски, угрозы безопасности с (анализ



современных тенденций). // Центральная Азия и Кавказ, 2003. №6. С. 33-34.

2. Ольшанский Д. В. Психология террора. - М.: Академический проект, 2002. - С. 11-12.

3. Ляхов Е. Г. Проблемы сотрудничества государств в борьбе с международным терроризмом. - М., 1979. - С. 28-29.

4. Ляхов Е. Г. Цит. соч. - С. 30-32.

5. Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан». 26 июня 1998 г.

6. Указ Президента Республики Казахстан «О стратегии борьбы с наркоманией и наркобизнесом в РК на 2001-2005 годы». / Казахстанская правда. 16. 05. 2000 г.

Средняя общеобразовательная школа №5, г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 07.05.10.

### **Түйіндемe**

*Мақалада халықаралық құқықпен қамтамасыздандырган әрекет аумағында лаңкестікпен күресу. Дүниежүзілік қоғамдастық қадамымен өнімділікте шара қолдану деңгейінде берілген заңдылықтың тиімділігін жосарлатуға талдау беріледі.*

### **Resume**

*This article is devoted to the questions of judicial background of international activity in the sphere of antiterrorism. The analysis of productivity of the measures taken by the world society in the effectiveness in this area is given here.*

ӘОЖ 930.1

## **Г.Б. ТЛЕУБЕКОВА**

### **ЖЕТІСУ ҚОНЫС АУДАРУ БАСҚАРМАСЫ ҚОРЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТİNДЕГІ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Жетісу өлкесінің тарихы көпғасырлы кезенді камтиды. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Жетісу Ресей империясының құрамына енгеннен кейін өлкеде жана әкімшілік-басқарушы мекемелер қызмет етті. Солардың бірі ХХ ғасырдың басында құрылған Жетісу қоныс аудару басқармасы болды. 1905-1918 жылдары Жетісу қоныс аудару мекемесінің қызметі барысында пайда болған құжаттар қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында жинақталып, «Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі» атты 19-қорды құрайды. Қордың құжаттары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр

басындағы Жетісу тарихына қатысты дереккөздері болып табылады.

Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі қорында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы өлкенің саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайына қатысты құжаттар сақталған. Қор құжаттарының пайда болуының өзіндік объективті негіздері мен алғышарттары болды.

Тарихи деректерді зерттеу барысында олардың пайда болуының объективті екендігін, кездейсоқ жағдайда пайда болмайтындығын ескеру міндет. Әрбір дерек өзінің пайда болуы жағынан объективті болып табылады. Деректің пайда болуына, мазмұны мен бағытына белгілі тарихи жағдайлар мен уақиғалар әсер еткендіктен, деректе нақты тарихи оқиға, құбылыс немесе қоғамдық үдеріс бейнеленіп, көрініс табады. Сол себептен, тарихи құжаттарды дереккөзі ретінде зерттеу барысында, оның пайда болуының объективтілігін, алғышарттарын анықтау өте маңызды.

Тарихи дерек белгілі кеңістікте, белгілі бір тарихи кезеңде пайда болғандықтан, тарихилық принципті негізге ала отырып, деректі пайда болған уақыттың контекстінде қарастырып зерттеу керек. Сонда деректен белгілі оқиғаға қатысты шынайылық деңгейі жоғары мәлімет алуға болады.

«Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі» қорының құжаттары Жетісу қоныс аудару басқармасы қызметінің нәтижесінде қалыптасты. Ал Жетісу қоныс аудару басқармасының құрылуы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы өлкедегі қоғамдық-саяси жағдайлармен тікелей байланысты болды. Атап айтсақ, Ресей империясы кедейленген орыс шаруаларын жермен қамтамасыз етіп, аграрлық мәселені шешу және өзіне әлеуметтік тірек жасау үшін мемлекеттен тыс отаршылдық аумақтарда қоныс аудару саясатын жүзеге асырды. Нәтижесінде, Қазақстанның түрлі аймақтарында XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қоныс аудару ісімен айналысатын арнайы уақытша партиялар құрылды. Ақмола облысының солтүстік уездері үшін 1863 жылы, ал оңтүстік уездері үшін 1896 жылы, Торғай облысында – 1898 жылы, Семей облысында – 1900 жылы, Орал облысында – 1904 жылы, Жетісу облысында – 1905 жылы уақытша қоныс аудару партиялары құрылды [1, с. 41].

Қоныс аудару мекемесі қазақтардың пайдалануындағы «басы артық» жерлерді табуды негізгі мақсаты деп есептеді. Соған орай қазақ шаруашылығына тиесілі жер нормасын анықтауға баса мән берді. Қоныстандыру мекемелері құрылғанға дейін Қазақстанның далалық облыстарында Щербина экспедициясы негізінде жасалған жер нормасы патша өкіметін қанағаттандырмады. Сондықтан да Қоныс аудару басқармасы 1906-1910 жылдар аралығында Азиялық Ресейдің әр түрлі аудандарында қазақ шаруашылықтарын қайта зерттеу жұмыстарын жүргізді [2, 141-142 б.]. Жетісу қоныс аудару басқармасы өлкеде агрономиялық, гидротехникалық, статистикалық, ботаникалық зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, оларды жүзеге асырды. Сондай шаралардың барысында жинақталған есептік

деректер қор құжаттарының аса маңызды бір бөлігін құрайды.

1905 жылы Жетісу облысында қоныс аудару телімдерін дайындайтын уақытша партия құрылса, ал 1906 жылы облыста қоныс аудару ауданы ашылды. Бұл Жетісу қоныс аудару басқармасы, ең алдымен, өлкедегі жерсіз шаруаларды орналастыруға міндетті болды.

1905-1907 жылдардағы алғашқы орыс төңкерісінен кейін Ресейде аграрлық мәселе шиеленісе түсіп, жер дағдарысы пайда болды. Елде орын алған аграрлық мәселені шешу мақсатында патша өкіметі қарашекпенділерді шет аймақтарға көбірек жібере бастады. Столыпин аграрлық мәселені қазақ жерлерін тартып алу, тонау арқылы шешпек болды. Қоныстандыру аса үлкен пәрменділікпен жүргізіліп, Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу қоныс аудару аудандарында шаруалар бұрын-соңды орын алмаған мөлшерде көбейді. Осындай саясаттың нәтижесінде қазақ халқы жерлерінен айырылып, шөл, шөлейт аудандарға ығыстырылды. Жетісудың қоныс аудару басқармасы қоныстанушылардың әлеуметтік жағдайы, жерге орналастыру, жер пайдалану мәселелерін реттеп, оларды шешіп отыруға тиіс болды. Осыған байланысты арнайы іс қағаздары, өзге де құжаттар жүргізілді. Осылайша «Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі» қоры құжаттарының пайда болуының объективтілігі қоныс аудару басқармасының қызметімен тікелей байланысты. Бұл құжаттар - патша әкімшілігінің отаршылдық саясатын жүзеге асыру мақсатында пайда болған объективті деректер. Мәселен, қоныс аудару басқармасы өлкенің табиғи-тарихи жағдайын, халық санын, шаруашылығын анықтау үшін зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қоныс аударып келген шаруаларды барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етіп, оларға жер телімдерін дайындаған және бұл мәліметтер статистикалық және есептік құжаттарда көрініс тапқан. Міне, осылардың барлығы арнайы құжаттар түрінде мұрағатта сақталып, тарихи дереккөздеріне айналған. Ал оларды деректанулық талдау арқылы ғылыми айналымға түсіру төл тарихымыздың ақиқатты тұстарын дәйектей түсуге септеседі.

Деректанулық талдау жасауда деректердің ерекшеліктерін анықтау өте маңызды. Зерттеуші деректердің ерекшеліктерінен шыға отырып, зерттеу тәсілдерін қоланады. «Жетісу өлкесіндегі қоныс аудару ісінің меңгерушісі» қорының деректік негізі іс жүргізу құжаттарынан құралған. Сондықтан бұл құжаттар Қазан төңкерісіне дейінгі кезең ерекшелігімен байланысты. Жетісу қоныс аудару басқармасының құжаттары арқылы өлкеде жүргізілген патша үкіметінің әкімшілік басқару жүйесін айқындауға болады. Негізінен, бұл мәселе басқарушы құжаттарда кездеседі.

Құжаттардың тарихи дереккөздері ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері ондағы мәліметтердің құндылығынан туындайды. Жетісу қоныс аудару басқармасы қор құжаттарының деректік маңызына келер болсақ, есептік құжаттардағы мәліметтер, атап айтсақ, жылдық есептер, шолу есептері,

очерктер, анықтамалар, ревизия материалдары мен зерттеу жұмысының негізінде жинақталған статистикалық құжаттардағы мәліметтер басқа деректерде де қолданыс тапқан.

Жетісу облысы бойынша әр жылғы шолулар әскери губернатордың жылдық есебінің қосымшасын құрайды. Жетісу облысының шолуларында өлкенің табиғи-тарихи және экономикалық жағдайы, халық ағарту ісінің дамуы, халқының саны, ұлттық құрамы туралы және қоныс аудару мәселесіне қатысты мәліметтер берілген. 1905 жылдан бастап әр жылғы шолуда қоныс аудару мәселесіне қатысты келтірілген статистикалық мәліметтер Жетісу қоныс аудару басқармасының жылдық есептерінен алынған.

1910 жылғы Жетісу облысының шолуын қордағы есептік құжаттармен салыстырып қарастыратын болсақ, шолуда көрсетілгендей, Жетісу қоныс аудару ауданы 7 кіші ауданға бөлінген. Олар: Верный, Жаркент, Пржевальский, Нарын, Пішпек, Қапал, Лепсі [3, с. 1]. Сонымен қатар, 1910 жылы жеті кіші аудан бойынша барлығы 5591 жанұя 31153 жан басымен тіркелген [3, 366.]. Ал, Жетісу қоныс аудару мекемесінің 1910 жылғы қысқаша есебінде де жоғарыда келтірілген 7 кіші аудан бойынша есеп берілген [4, 7-12 пп.]. Жылдық есептегі жүргізілген жерді бөлу және қоныстандыру ісі бойынша Верный кіші ауданында 837, Жаркент кіші ауданында 329, Пржевальский кіші ауданында 572, Нарын кіші ауданында 461, Пішпек кіші ауданында 871, Қапал кіші ауданында 614 және Лепсі кіші ауданында 1907 жанұя тіркелген. Сонымен, 1910 жылғы есеп бойынша да Жетісу облысында барлығы 5591 жанұя тіркелгендігі анықталды.

Жетісу қоныс аудару ауданында әр кіші аудандар бойынша жасалған есептерден облыс бойынша жылдық есеп жасалатын. Облысқа көшіп келген шаруалар қоныс аудару мекемесінде тіркелгендіктен, барлық мәліметтер қоныс аудару басқармасынан алынғандығы расталып отыр. Әскери губернатордың өлке бойынша жылдық есебі болып табылатын шолуларда қордың құжаттары дерек ретінде пайдаланылған. Бұл қор құжаттарының деректік маңыздылығын көрсетеді.

Қор құжаттарының көңіл аударатын ерекшеліктерінің бірі, олардың деректік негізі ХХ ғасырдың бас кезіндегі қоныс аудару мәселесіне қатысты жазылған зерттеулерде кездеседі.

Жетісу қоныс аудару басқармасында 1906-1913 жылдар аралығында меңгеруші қызметін Ресей империясының шеңбері С.Н. Велецкий атқарды. Қоғамдық көзқарасы және тәжірибелік қызметі тұрғысынан алғанда ұлы державалық, шовинистік ұстанымдағы С.Н. Велецкий үшін жергілікті халық, оның табиғи, ұлттық мүддесі деген ұғымдар жоқ-тын. Ол өз ісіне сенімді әрі патшалық әкімшіліктің ережелерін, отарлау саясатының стратегиясын берік ұстанды. Империяның мүдделеріне адал шеңберінің пікірі бойынша, өзі басқарған қоныстандыру мекемесі егіншілікке жарамды жерлерден

ешкандай да мүдiрместен қоныстандыру учаскiлерiн ашып, оларға iшкi Ресей губернияларынан келген орыс шаруаларын орналастыра беру керек-тiн [2, 145 б.]. Сондықтан да оның қызметi жылдарында өлкеде қоныстандыру iсi тез қарқынмен жүргiзiлдi. Қазақ зиялысы М. Тынышпаевтың еңбегiнде көрсетiлгендей, Велецкийдiң облыстағы алғашқы iстеген әрекеттерi жергiлiктi халықтың ғана емес, облыс әкiмшiлiгiнiң де үрейiн алған едi [5, 1056.].

1916 жылы С.Н. Велецкийдiң «Семиреченская область и ее колония. Итоги работ по колонизации Семиречья за 8 лет (1906-1913 гг.)» атты еңбегi жарияланды [6]. Велецкий Жетiсу қоныс аудару басқармасының меңгерушiсi қызметiн атқарған жылдарында өлкеде жүргiзiлген қоныс аудару iсi еңбекте есеп түрiнде жазылған. Бұл еңбектiң негiзгi деректiк қорын Жетiсу қоныс аудару басқармасының есептiк құжаттары құрады. Нақтырақ тоқталатын болсақ, қордағы 26 [7], 30 [8] iстер 1906-1913 жылдар аралығындағы Жетiсу қоныс аудару басқармасының шолу есебi болып табылады.

Шолу есебiнде Жетiсу облысының географиялық жағдайы, тарихи очеркi, қоныс аудару ауданы бойынша жоспарланған жұмыстар мен орындалған iс-шаралар көрсетiлген. Бұл 8-жылдық есепте берiлген мәлiметтер С.Н. Велецкийдiң еңбегiнде басылып шыққандығын деректанулық талдау жасау арқылы көз жеткiзуге болады. Мәселен, С.Н. Велецкий еңбегiнiң «Жетiсу облысын отарлау» атты 2-тарауында XIX ғасырдың екiншi жартысынан өлкеге казак әскерi мен орыс шаруаларының қоныс аудару жағдайын қарастырып: «В 1891-1892 годах, вследствие голода в Европейской России, в Семиречье прибыло 1.769 семей», - деп көрсетiлген [6, 326.]. Бұл мәлiмет, сөйлемдегi ешбiр өзгертусiз, 1891-1892 жылдары Ресейде болған ашаршылықтың нәтижесiнде Жетiсуға 1769 жанұяның келгендiгiн ешбiр мүлтiксiз дәйектейдi. Дәл осындай мәлiмет С.Н. Велецкийдiң мұрағаттағы шолу есебiнде келтiрiлген [7, 151 п.]. Сонымен қатар, 1907-1913 жылдары барлығы Жетiсу облысы бойынша 14579 жанұя орналастырылғандығы туралы мәлiмет С.Н. Велецкийдiң еңбегiнде [6, 526.] және шолу есебiнде де келтiрiлген [9, 114 п.]. С.Н. Велецкийдiң еңбегiн және шолу есебiн салыстыра отырып, бұл құжаттарда келтiрiлген статистикалық мәлiметтердiң бiрдей екендiгi анықталды. Жетiсу қоныс аудару басқармасы қызметiнiң барысында, өлкеде жүргiзiлген зерттеу жұмыстарының нәтижесiнде айлық, жылдық, шолу есептерi жасалған. Сондықтан, Жетiсу қоныс аудару басқармасының меңгерушiсi С.Н. Велецкий «Семиреченская область и ее колония. Итоги работ по колонизации Семиречья за 8 лет (1906-1913 гг.)» атты зерттеу жұмысында өзi басқарған мекеменiң құжаттарын қолданғандығы байқалды. Мұның өзi қор құжаттарының объективтiлiгiн растайды.

«Жетiсу өлкесiндегi қоныс аудару iсiнiң меңгерушiсi» қорындағы құжаттардың шынайылық деңгейi жоғары деп айтуға негiз бар. Өйткенi, бұл құжаттар патша үкiметiнiң отарлау саясатын жүзеге асыру барысында дайындалған. С.Н. Велецкийдiң жоғарыда қарастырған еңбегiнде Жетiсу қоныс аудару мекемесi агрономдарының зерттеу жұмыстары нәтижесiнде

жасалған есептеріндегі мәліметтердің құндылығы расталады. Оған автордың мынадай пайымдауы дәлел бола алады: «Отчеты переселенческих агрономов, заставили заинтересоваться ученых этой страной и положили начало к тщательному почвенно-ботаническому обследованию ее учеными экспедициями, под руководством проф. К.Д. Глинки, В.В. Сапожникова, гг. Федченко и Флерова и др.» [6, с. 59]. Агрономдардың өлкеде жүргізген зерттеу жұмыстарының есептері сол кезеңде топырақтанушы-ботаник ғалымдардың қызығушылығын тудырды.

